

А. Серікбаева* 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: sd_aizhan@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДЫ ЦИФРЛАНДЫРУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Мақала Қазақстан тұрғындарының қоғамдық-әлеуметтік өміріндегі цифрландыру үдерісі кезінде мемлекеттік тілдің ерекшеліктерін анықтауға арналған. Қазақстанды цифрландыру қарқынды түрде жүріп жатыр. IT технологияның қарыштап дамуы тілдің құрылымына да өзгерістер енгізді. Осыған байланысты мақалада цифрлық технология саласындағы қазақ тілінің ерекшеліктерін анықтаудың әлеуметтік, саяси, экономикалық себептері қарастырылады. Мақаланың материалдары ретінде әлеуметтік желілерде, мемлекеттік порталдар, медиаканал, бизнес платформалардағы мәтіндерден жиналған тілдік бірліктер алынды. Мақалада әлеуметтік-лингвистикалық әдістер: далалық зерттеу бойынша сырттай бақылау әдісі, социумдағы тілдің ерекшеліктерін модельдеуде синхронды талдау әдісі, жалпы лингвистикалық әдіс-тәсілдер (сипаттау, талдау, жүйелеу) қолданылды. Қазіргі қазақ тілінің жай-күйіне сырттай бақылау әдісі арқылы сипаттама берілді, гетерогенді тілдік ортадағы қазақ тілінің тілдік жағдаятында орын алған әлеуметтік-лингвистикалық құбылыстар (тілдік жағдаят, тілдік қақтығыс, тілдердің араласуы, қостілділік, көптілділік, тілді таңдау, тіл мәртебесін мойындау т.б.) анықталды. IT технология, цифрлық жүйе өнімдерін пайдалану қазақ тілінің функционалдық қызмет аясының кеңеюіне септігін тигізетіні дәлелденді. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы мемлекеттің тілдік саясатты жүзеге асыруға тікелей қатысты бағдарлама болмаса да, мемлекеттік тілдің дамуына оңтайлы әсер еткені айқындалды.

Тірек сөздер: цифрлық жүйе, цифрландыру, қазақ тілі, жаңа тілдік бірліктер, цифрлық коммуникация.

А. Серікбаева*

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: sd_aizhan@mail.ru

СОЦИОЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ГОСУДАРСТВЕННОГО ЯЗЫКА В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация. Целью статьи является определение особенностей государственного языка в процессе цифровизации общественной жизни граждан Казахстана. Цифровизация Казахстана идет интенсивно. Стремительное развитие IT-технологий внесло изменения в структуру языка. В связи с этим в статье рассматриваются социальные, политические и экономические причины, определяющие особенности казахского языка в сфере цифровых технологий. В качестве материалов статьи были взяты языковые единицы, собранные из текстов в социальных сетях, государственных порталах, медиаканалах, бизнес-платформах. В статье использованы социолингвистические методы: метод внешнего наблюдения на полевых исследованиях, метод синхронного анализа при моделировании особенностей языка в обществе, общелингвистические методы (описание, анализ, систематизация). Методом внешнего наблюдения описано современное состояние казахского языка, социолингвистические явления, возникшие в языковой ситуации казахского языка в неоднородной языковой среде (языковая ситуация, языковой конфликт, смешение языков, двуязычие, многоязычие, выбор языка, признание языкового статуса и т. д.). Доказано, что использование IT-технологий и цифровых системных продуктов способствует расширению функционального объема казахского языка. Хотя программа «Цифровой Казахстан» не имеет прямого отношения к реализации языковой политики государства, установлено, что она оказала положительное влияние на развитие государственного языка.

Ключевые слова: цифровая система, цифровизация Казахстана, казахский язык, новые языковые единицы, цифровая коммуникация.

A. Serikbayeva*

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: sd_aizhan@mail.ru

SOCIO-LINGUISTIC FEATURES OF THE STATE LANGUAGE IN THE DIGITIZATION OF KAZAKHSTAN

Abstract. The article is intended to determine the features of the state language during the process of digitization in the public social life of the citizens of Kazakhstan. Digitization of Kazakhstan is going on intensively. The rapid development of IT technology has made changes to the structure of the language. In this regard, the article considers the social, political, and

economic reasons for determining the peculiarities of the Kazakh language in the field of digital technology. Language units collected from texts on social networks, state portals, media channels, business platforms were taken as materials of the article. Socio-linguistic methods were used in the article: the method of external observation on field research, the method of synchronous analysis in modeling the features of language in society, general linguistic methods (description, analysis, systematization). The current state of the Kazakh language was described using the method of external observation, the socio-linguistic phenomena that occurred in the linguistic situation of the Kazakh language in a heterogeneous linguistic environment (linguistic situation, language conflict, mixing of languages, bilingualism, multilingualism, language choice, recognition of language status, etc.) was determined. It has been proven that the use of IT technology and digital system products contributes to the expansion of the functional scope of the Kazakh language. Although the "Digital Kazakhstan" program is not directly related to the implementation of the language policy of the state, it was determined that it had a positive effect on the development of the state language.

Keywords: digital system, digitalization of Kazakhstan, Kazakh language, new language units, digital communication.

Кіріспе

Бүгінде IT технология, цифрландыру өнімдері өзгерістер мен жаңалықтарға толы салаға, адам өмірін жеңілдететін қолайлы әрі тиімді құралдың біріне айналды. Бұл саладағы өзгерістер жылдам әрі жиі болады, ұдайы өзгермелілік сипатқа ие. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының нәтижесінде Қазақстанның әлеуметтік-қоғамдық саласында IT технологияның жетістіктерін күнделікті қолданады. Дегенмен, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың өз жетістіктері мен кемшіліктері болды. IT технологияның жетістіктері, қоғамды цифрландыру үдерістері, жасанды интеллектінің дамуы тілдік жүйеге де әсер етті, тілдік коммуникацияны виртуалды деңгейге жеткізді. Қазіргі тіл білімінде «кибер тіл» термині пайда болып, киберлингвистика жаңа бағыт ретінде қарастырыла бастады. Әлемді жайлаған Covid-19 пандемиясы түрлі цифрлық өнімдер мен қызметтердің пайда болуына, виртуалды коммуникацияның қарқынды дамуына түрткі болды. Сонымен қатар тілдің лексикалық қабатына да өзгерістер енгізді: жаңа сөздер, тілдік қолданыстар шапшаң қарқынмен енді. Қазіргі таңда пандемия кезінде тілге енген сөздер уақыт жағынан қолданысы бәсеңдегенімен, сол кездегі жағдаят тұрғысынан өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ұдайы өзгермелілік сипаттағы цифрлық «әлемдегі» қазақ тілінің қазіргі жай-күйін қарастыру мемлекеттік тілдің цифрлық жүйеде «өмір сүру» ортасын көрсетеді.

Материал және әдістер

Мақалада әлеуметтік-лингвистикалық әдіс-тәсілдер: сырттай бақылау арқылы далалық жинау әдісі, социумдағы тілдік ерекшеліктерді модельдеуде синхронды талдау әдісі, сонымен қатар *жинақтау, талдау тәсілдері, сипаттау, баяндау, бақылау* әдістері пайдаланылды. Мақаланың материалдары ретінде әлеуметтік желілерде, мемлекеттік порталдарда, медиаканал, бизнес платформалардағы мәтіндерден жиналған тілдік бірліктер алынды.

Әдебиетке шолу

Жалпы коммуникация теориясына қатысты ғылыми еңбектер көп кездеседі. Коммуникацияны зерттеу объектісі ретінде барлық әлеуметтік-гуманитарлық ғылым салалары қарастырады. Коммуникация мақсаты, моделі, типі, түрі және т.б. белгілеріне қарай түрлі түрлерге бөлінеді. Соңғы бесжылдықта цифрландырудың әсерін экономика, білім беру, тілді оқыту, әлеуметтану, психология, педагогика, тіл білімі салаларында қарқынды қарастырылып келеді. Виртуалды коммуникация – ХХ ғасырдың аяғында бастау алып, қазіргі кезде қоғамда коммуникацияның ажырамас бөлігіне айналған виртуалды кеңістік. Цифрлық жүйелердің дамуы, цифрлық технологиялардың қоғам өмірінде белсенді қолданылуы виртуалды коммуникация кеңістігі мен қолданыс ортасын арттырып келеді. Цифрлық технологияның тілге әсері туралы алғашқылардың бірі ретінде Браун университетінің (АҚШ) ғалымы Н.С. Барон 1984 жылы «Computer Mediated Communication as a Force in Language Change» деген мақала жариялады (Baron, 1984). Осы саладағы зерттеулерін терең қарастырып, 2010 жылдары «Always on: Language in an Online and Mobile World» атты монографиясын шығарды (Baron, 2010). Интернет тілінің ағылшын тіліне әсерін зерттеген Д. Кристалл Интернет тілін зерттеуді жеке ғылыми бағыт деп тұжырымдаған (Crystal, 2001). Зерттеуші О. Панюшкина испан тілінің материалдары негізінде әлеуметтік желілердің тілдегі өзгерістерді қарастырса (Панюшкина, 2014), Т. Чатфилд компьютерлік саламен байланысты пайда болған неологизмдер тілдің дамуына айтарлықтай әсер ететінін көрсетеді (Chatfield, 2013). Отандық тіл білімінде интернет коммуникацияның ерекшеліктерін, интернет тілі мен тіл мәдениеті, тіл

экологиясын Н. Әміржанова (Әміржанова, 2022) блогинг және медиакоммуникацияны интернеттің жанры ретінде А. Куркимбаева зерттеген (Куркимбаева, 2021). Сонымен қатар интернет коммуникацияның тілдік нормаларын Н. Ахтаева (Ахтаева, 2020), жанрлық ерекшеліктерін Қ. Ерғалиев (Ерғалиев, Ерғалиева, 2023) және т.б. қарастырған.

Нәтижелер және талқылау

Қазақстанның цифрлық «өмірінде» ең алғашқы мемлекеттік деңгейде цифрлық қызмет түрі 2006 жылы іске қосылған «Қазақстан Республикасының Электрондық Үкіметі» (egov.kz) порталынан бастау алады деп айтуға болады. Аталған портал мемлекеттік қызметтерді онлайн көрсетеді, онлайн ақпарат береді, сайт үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) қызмет түрін ұсынады. «ҚР Электрондық Үкімет» порталын мемлекет мақсатты түрде жетілдіріп, қазіргі таңда онлайн мемлекеттік қызмет көрсететін бірнеше порталдар жұмыс істеп тұр (*E-Сатып алулар, E-Pay, E-LICENSE, Бизнесі онлайн тіркеу, E-Com кабинеті, E-Денсаулық сақтау, E-Salyk, Ашық Үкімет, egov mobile, e-notaryat*). Аталған порталдардың барлығы – IT, цифрлық технологиялардың нәтижесі. Қазақстанды цифрландыруда ерекше рөл атқарған – 2017 жылы қабылданған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы («*Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, 2017*). Аталған құжат – қоғамның барлық саласын қамтитын, цифрлық қоғам, цифрлық мемлекет құруға бағытталған мақсатты бағдарлама. Осы бағдарламаны мемлекет іске асыру кезінде қазақ тіліне бірнеше жаңа сөздер, сөз тіркестері, атаулар енді. Олар осы күнге дейін арнаулы лингвистикалық еңбектерге еніп, лексикографиялық еңбектерге тіркеліп үлгермеді.

Мемлекеттік тілдің қазіргі жай-күйі. Қазіргі қазақ тілінің жай-күйін талқылау барысында міндетті түрде Қазақстандағы тілдік жағдаятқа тоқталмай өту мүмкін емес. Қазақстандағы тілдік жағдаяттың өзіндік ерекшелігі бар. Жалпы «тілдік жағдаят» терминіне ғылыми әдебиетте мынандай анықтама беріледі: «*language situation* – тілдің/тілдердің қоғамда нақты қолданылуы; нақты бір тарихи кезеңде белгілі бір аумақтық әкімшілік құрылымда (этностық қауымдастықта) қолданылатын тілдердің, тілдің «өмір сүру» формаларының, аумақтық және әлеуметтік диалектілердің, койне мен жаргондардың жиынтығы. Тілдік жағдаяттың төмендегідей түрлері бар: *эндоглосты* (бір тілдің ішкі жүйелерінің жиынтығы) және *экзоглосты* (әртүрлі тілдердің жиынтығы) тілдің жағдаят, *теңгермелі* (коммуникативті қуаты бірдей, әртүрлі функционалды тілдердің жиынтығы) және *теңгермелі емес* (әралуан коммуникативті қуаты бірдей, беделді және беделді емес тілдердің/тіл жарыспалардың жиынтығы) тілдік жағдаят; демографиялық жағынан *теңбе-тең емес* (әртүрлі демографиялық қуатқа ие тілдердің жиынтығы) тілдік жағдаят; *диглосты* және *бейдиглосты* тілдік жағдаят» (Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі (қыск. ӘЛТС), 2022: 273).

Қазақстандағы тілдік жағдаят экзоглосты тілдік жағдаятқа жатады. Оған былайша сипаттама беріледі: «Қазақстандағы тілдік жағдаят – экзоглосты, теңгермелі емес, диглосты және демографиялық тұрғыдан теңбе-тең емес түрде сипатталады. Қазақстан – генетикалық жағынан әртүрлі тілдік әлеуеті мен тілдің типтерінде сөйлейтін тұрғындары бар көптілді ел. Оның ішінде 1999 жылы жүргізілген халық санағының мәліметі бойынша, түркі халықтары, сонымен қатар славян тілділер көп. Алайда «этностық топтар халықтарының тілдері атқаратын қызметінің көлемі жағынан бірдей емес» («Қазақстан Республикасының тіл саясаты тұжырымдамасы»), сондай-ақ коммуникативтік кеңістіктегі тілдердің нақты бөлінісі демографиялық және функционалды қуатты екі тілдің – қазақ және орыс тілдерінің пайдасына шешілген. Өйткені екітілді және үштілді қауымдастықтың өкілдері республикада шашыраңқы орналасқан (ұйғыр, кәріс ұлттары өкілдерін және т.б. есептемегенде) және олардың өз ұлттық-аумақтық құрылымы жоқ. Шашыраңқы орналасу қазақ ұлты өкілдеріне де тән екендігін (елдің оңтүстік және батыс өңірлерін есептемегенде) ескеру қажет, сондықтан өте ауқымды аумақтың иесі – қазақ этносы коммуникативті қуатты орыс тілімен тілдік өзара, ұдайы ықпалдастықта болады.

Қазақстандағы тілдік жағдаяттың ерекшелігі. Қазақстандағы тілдік жағдаяттың өзіндік ерекшелігі – генетикалық және типологиялық әралуан тілдердің модылығында ғана емес, сонымен қатар коммуникативтік кеңістікте екі үлкен тілдің – қазақ тілі мен орыс тілінің қатар қолданысына байланысты. Ал бірегей коммуникативті кеңістік шартты түрдегі тұрақты өлшем ретінде қазақ және орыс тілдерінің функционалды «әл-ауқатының» межелерін танытады (ӘЛТС, 2020: 144).

Қазақстандағы тілдік жағдаяттың тағы бір ерекшелігі – қостілділік. Қостілділік – билингвизм ұғымымен бірдей; жеке адамның немесе қоғамның екі немесе бірнеше тілді меңгеруі // қолдануы (ӨЛТС, 2020: 153). Қазақстандағы қостілділік тарихи түрде қалыптасқан және ол Қазақстанның әр аймағында әкімшілік-аумақтық орналасуына қарай әртүрлі көрініс тапқан. Ірі қалаларда орыс-қазақ қостілдігі орын алып, басым тіл орыс тілі болса, кіші қалаларда қазақ-орыс қостілділігі анық байқалады, қазақ тілі басым тіл қызметін атқарады. Мысалы, Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-батыс, оңтүстік-шығыс аумағында қазақ тілі басым, солтүстік, солтүстік-шығыс, батыс-солтүстік аумағында орыс тілі басым. Қазақстанның ауылдық жерлерінде күнделікті тұрмыста қазақ тілі басымдық алады. Басым тіл – 1) әлеуметтік тұрғыдан басым топтың тілі, 2) нақты бір тілдік мәнмәтінде коммуникативтік қуаттылығы айрықша жоғары тіл (ӨЛТС, 2020: 65).

Қазіргі таңдағы бейресми коммуникацияда Қазақстанда тұратын этностық топ өкілдерінің арасында үштілділік орын алады. Қазақстанның шығыс, оңтүстік аумақтарында тұратын жергілікті халықтың тілімен қоса сол аумақта шекаралас жатқан елдің тілін де меңгерген, яғни қазақ ұлты өкілдері қазақ тілін білумен қатар, орыс, өзбек, ұйғыр тілдерін де қолданады. Қазақстанда тұрып жатқан этностық топтар арасында өзінің ұлттық тілін білумен қатар, тұрмыстық қажеттіліктерін өтеу кезінде туындаған коммуникацияда қазақ, орыс тілдерін де қатар қолдана береді. Қазақстанның оңтүстік аумағында тұратын өзбек ұлты өкілдері өзбек тілін күнделікті тұрмыста қолданады, ал қажеттілік туындаған жағдайда қазақ, орыс тілдерінде де сөйлей береді; оңтүстік-шығыс аумағында тұратын ұйғыр ұлтының өкілдері ұйғыр тілі мен қазақ, орыс тілдерін қатар қолданады. Сондай-ақ Қазақстанда тұратын әзірбайжан ұлтының өкілдері әзірбайжан тілімен қатар, қазақ, орыс тілдерін де тұрмыстық өмірде қолданады. Мұндай құбылыстар аталған этнос өкілдерінің аумақтық-географиялық орналасуына, әлеуметтік-тұрмыстық жайттарға байланысты қалыптасады. Бұл жағдайды көптілділік немесе полилингвизм (мультилингвизм) деп атайды, яғни 1) бірдей дәрежеде бірнеше тілді білуі; 2) белгілі бір аумақта бірнеше тілдің болуы.

Сонымен қатар соңғы жылдары мектеп жасына дейінгі балаларда үш тілді қатар қолдану құбылысы байқалады. Мектеп жасына дейінгі балалар қазақ, орыс тілдерімен қоса, ағылшын тілінде де сөйлей бастаған. Мұны жаһандану үдерісінің нәтижесі, яғни интернеттің қолжетімділігі арқасында youtube каналында қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі контенттердің көп болуы және көбінде ағылшын тіліндегі 0+ контенттердің қаралым рейтингі бойынша үздік болуы негізгі түрткіжайт ретінде қаралады.

Алматы қаласы Қазақстан бойынша сауда орталығы болғандықтан, халық арасында «Барахолка» аталып кеткен үлкен базарда сауда-экономикалық жағдайлардың әсерінен Алматыға қоныс аударған дүнген этносының өкілдерінің тілдерінде дүнген-қазақ, дүнген-орыс қостілділігі байқалады. Қазақ тілінде сөйлейтін дүнген этносының өкілдері коммуникация кезінде орыс тілін қолданбайды. Мұндай жағдайда дәнекер тілдің рөлін қазақ тілі атқарады. Керісінше, орыс тілінде сөйлейтін дүнген этносы қазақ тілін қолданбайды. Сатып алушы мен сатушының арасында кейбір жағдайда *тілдік кедергі* де байқалады. Аумақтық-географиялық орналасуына қатысты басқа ірі геоландшафттармен салыстырғанда кішкентай ғана «Барахолка» базарының тілдік ахуалында осындай ерекшелік бар.

Қазақстанның ауылдық жерлерінде біртілділік немесе монолингвизм құбылысы қалыптасқан, яғни тіл иелмені тек бір ғана тілді – қазақ тілін қолданады.

Цифрландыру үдерістерінің қазақ тіліне әсері. Қазақстанның тілдік аясы гомогенді және гетерогенді тілдердің қатар қолданысымен ерекшеленеді. Осындай тілдік алуандылық жағдайында «өмір сүріп жатқан» қазақ тілі Қазақстанның мемлекеттік тілі мәртебесіне ие. Қазақстанда тілдік саясатты жүзеге асыруда мемлекет тарапынан 2017 жылы қабылданған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы тікелей тілдік жоспарлау, тілдік саясатты жүзеге асыруға арналмаған, аталған бағдарлама елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, адами капиталды дамытуға бағытталған. Десек те, бұл бағдарламаның мемлекеттік тілдің дамуына қосқан үлесін байқауға болады. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы қоғам өміріндегі негізгі бес саланы дамытуды көздеген: 1) Экономика салаларын цифрландыру; 2) Цифрлық мемлекетке көшу; 3) Цифрлық Жібек жолын іске асыру; 4) Адами капиталды дамыту; 5) Инновациялық экожүйені құру.

Экономика салаларын цифрландыруға бағдарламада мынандай анықтама беріледі: «өндірісті оңтайландыру, бөлу, алмастыру, қолдану және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму

деңгейін арттыру мақсатында электрондық технологияларды, электрондық инфрақұрылымды және қызметтерді, үлкен көлемді деректерді талдау технологиясын пайдалау кезінде қалыптасатын қоғамдық қатынастардың жиынтығы» («Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, 2017).

Экономиканың дамуы халықтың өмір сүру сапасының арту көрсеткішімен өлшенеді. Қазақстанды цифрландыру үдерісіндегі негізгі кезеңдер осы экономика саласынан бастау алды. Цифрландыру үдерісіне қатысты қазақ тіліне біраз жаңа сөздер енді: *цифрлық сауаттылық, цифрлық мемлекет, цифрлық индустрия, цифрлық Жібек жолы, цифрлық экожүйе, цифрлық экономика, виртуалды жүргізуші, кибержүргізуші, нейрожелі, цифрлық тұғырнама, цифрлық инфрақұрылым, мемлекеттік басқаруды цифрландыру, цифрлық құжат айналымы, цифрлық трансформациялау, digital by default және digital first қағидаттары, өзін-өзі цифрландыру сервистері, мемлекеттік құрылымдардың ішкі өзара іс-қимылы – G2G, азаматтармен өзара іс-қимылы – G2C, бизнеспен өзара іс-қимыл – G2B, цифрлық трансформациялау, digital ID, face ID, электрондық сауда, электрондық коммерция, электрондық тұғырнама, кроссшекаралық сауда, электрондық төлем, электрондық цифрлық қолтаңба, электрондық ақшалар, мобильдік бангинг, мобильдік төлемдер, цифрлық орта, венчурлық қаржыландыру, венчурлық капитал, венчурлық сала, блокчейн, киберқауіпсіздік, бизнесті онлайн жүргізу, өзіне-өзі қызмет көрсету режімі, электрондық билет беру жүйесі, смарт мектеп, смарт қала, смарт емхана, смарт көше жарығы, ақылды қалалар, цифрлық күн тәртібі, онлайн орта, цифрлық дағдылар, цифрлық стартап, бизнес инкубатор, онлайн жұмыс, Smart metering, big data, фронт-офис, paper free, зияткерлік көлік жүйесі, электрондық декларация, интернет банкинг, 3D-принтер, ADSL (asymmetric digital subscriber line) — асимметриялы цифрлық абоненттік желі; API (application programming interface), B2B (Business to Business), CDO (chief digital officer) – бас цифрлық офицер, G2B (Government-to-Business), G2C (Government-to-Citizen), G2G (Government-to-Government), ICT (information and communications technology), IoT (Internet of Things), STEM (Science, technology, engineering, and mathematic).*

Цифрландыру кезінде енген жаңа сөздерден *-лық, -лік, -дық, -дік, -ды -ді -ты -ті* зат есімнен сын есім тудыратын сөз тудырушы жұрнақтардың қолданыс белсенділігін байқауға болады. Мысалы, *венчурлық капитал, венчурлық сала, мобильдік бангинг, мобильдік төлемдер, цифрлық мемлекет, цифрлық сауаттылық, цифрлық дағды, цифрлық инфрақұрылым, цифрлық Жібек жолы, тұғырнама, цифрлық құжат айналымы, цифрлық орта, электрондық мемлекет, электрондық сауда, электрондық коммерция, электрондық төлем, электрондық ақша*. Цифрландыру үдерісінде қазақ тіліне енген жаңа сөздердің легі сөздердің тіркесуі арқылы жасалған. Ал ағылшын тілінен тікелей енген сөздер негізнен терминдер, олар қазақ тіліне аударылмай сол қалпында еніп кеткен. Мысалы, *ADSL (asymmetric digital subscriber line) API (application programming interface), B2B (Business to Business), CDO (chief digital officer), G2B (Government-to-Business), G2C (Government-to-Citizen), G2G (Government-to-Government), ICT (information and communications technology), IoT (Internet of Things), STEM (Science, technology, engineering, and mathematic)*.

Қазақстанды цифрландыруда алдыңғы қатарға шыққан, қоғамдағы ілгері дамып жатқан экономика саласындағы қызмет көрсету ісі болып табылады. Елімізде онлайн сауда жүргізу, халыққа банктік қызмет көрсетуде көшбасшы ретінде ІТ технологиялардың жетістіктерін қолданып, халыққа онлайн сауда, банктік қызметтерді ұсынып отырған – *kaspi.kz* суперқосымшасы. Қазақстан бойынша *kaspi.kz* банкоматтарында 2023 жылдан бастап негізгі қызмет көрсету тілі – қазақ тіліне толықтай ауысты. Бұрын *kaspi.kz* банкоматтарында ақпарат бірінші кезекте орыс тілінде тұратын, банкоматты қолданушы қажеттілігіне байланысты орыс тілінде тұрған тілді қазақ тілін таңдау арқылы өзгерте алатын. Қазір банкоматта бірден қазақ тілінде ақпарат шығып тұрады. 2022 жылдың соңына қарай Қазақстандағы бизнес иелері орыс тілінде ғана қызмет көрсетіп жүріп, бірден қазақ және орыс тілдерінде қатар қызмет көрсетуге көшу үдерісі байқалды. Бұған 2022 жылдың қазанында *Chocolife.me* басшысының «аңдамай сөйлеуіне» қатысты тілдік қақтығыс себеп болды.

Тілдік қақтығыс (конфликт) – тілдік қатынастар жағдайындағы тілдердің айрықша өткір өзара қарым-қатынасы. Тілдік қақтығыстардың негізінде этнодемографиялық, әлеуметтік, идеологиялық, саяси және экономикалық себептер жатады. Тілдік қақтығыстар көбіне-көп гетероген этнос бар елде, әртүрлі тіл мәртебесі бар және тілдер теңгермелі емес қоғамдық қызмет атқаратын елдерде

туындайды. Тілдік қақтығыстар астыртын сипатта да, жасырын (латентті) немесе ашық қарсылық сипатында да болы мүмкін (ӘЛТС, 2020: 284).

Аталған тілдік қақтығыстан кейін ChocoFamily сервистерін пайдаланудан халық ашық бас тартты, аталған сервистердің мобильдік қосымшаларын өшірді. Көп ұзамай ChocoFamily барлық платформаларына қазақ тілін енгізді, әлеуметтік желідегі постыларын қазақ және орыс тілдерінде жариялай бастады. Бұған дейін тек орыс тілінде жарияланатын. Бұл жағдайды Қазақстандағы біраз бизнес иелері, әсіресе халыққа қызмет ұсынатын сервистерге ие бизнес өкілдері, «сабақ» ретінде қабылдады. Мобильдік қосымшаларға қазақ тілін енгізе бастады, тамақтандыру саласында мәзірлерге қазақ тілі енді. Халық көп қолданатын мобильдік қосымшаларға қазақ тілінде дыбыстау қызметін қосты, Yandex 2023 жылдың соңына дейін «Алисань» қазақша сөйлететінін мәлімдеді. 2GIS, Yandex Map мобильдік қосымшаларына қазақша дыбыстауды енгізді. Тілге қатысты жеке адамдардың көзқарасынан орын алған жайт мемлекеттік тілді осы уақытқа дейін елемей келген әлеуметтік топтарға қазақ тілінің мәртебесін мойындатты, қазақ тілі иелмендерінің тілдің мәртебесіне сай қызмет көрсету сұранысын орындау қажеттілігін көрсетті.

Конфликтология саласында конструктивті (функционалды) қақтығыс қандай да бір әрекетке қатысты нақты шешімдер шығаруға және қарым-қатыстың әрі қарай дамуына ықпал етуі де мүмкін (Сорокина, 2010: 87). Мысалы, жоғарыда аталған тілдік қақтығыстың нәтижесінде қазақ тілінің IT технологияларда таралу аймағы кеңейді. Қазақ тілі тек мемлекеттік құрылымдарда ғана қызмет етіп қана қоймай, сонымен қатар коммерциялық-бизнес сервистерге де енді. Бизнес-сервистер қазіргі таңда цифрлық технологияларды белсенді пайдаланады, яғни қазақ тілі цифрлық жүйеге енді. Қазіргі уақытта қазақ тілінің цифрлық дәуірі басталып кетті. Медиа саласында жасанды интеллект арқылы виртуалды жасанды жүргізушілерді пайдалану бастау алды. Виртуалды жүргізушілерді «кибержүргізушілер» деп те атап жүр. Atameken Business каналы *I-Sanj* және *I-Sana* атты виртуалды жүргізушілерді 2023 жылдың 7 наурызында алғаш рет эфирге шығарды. *I-Sana* қазақ тіліндегі жаңалықтарды жүргізеді. Кибержүргізушілердің әзірлемесі Python бағдарламалау тілінде дайындалған (inbusiness.kz). Сонымен қатар әлеуметтік желілерде рилс, пост т.б. қазақ тілінде дайындап беретін нейрожелі пайда болды. Қазіргі таңда нейрожелі арқылы пост дайындап, жариялау үрдіске айналып келеді. Нейрожелі арқылы әлеуметтік желідегі парақшаны жүргізуді үйрететін арнаулы курстар сатылымға шығып жатыр.

Қорытынды

Қазіргі Қазақстанның тілдік жағдаятында орын алған тілдік проблемалар коммуникативті қуатты орыс тілінің қызметін белгілі бір салаларда қазақ тілі алмастырып келе жатқанын байқауға болады. Бұл жердегі негізгі күш – қазақ тілі иелмендері қазақ тілінде қызмет алу сұранысын қоғам алдында орындата алуы (ChocoFamily сервистерін пайдалануға жаппай бойкот жариялау нәтижесінде аталған компанияның қызметін тұтынушылар күрт төмендеп кетті, яғни компания тұрақты клиенттері мен әлеуетті клиенттерінен айырылды, медиатұлғалардың (блогерлер) түрлі форумдарды қазақ тілінде өтуін талап етуі және т.б.) және қазақ тіл иелмендерінің сұранысын, қазақ тілінің мәртебесін мойындаған бизнес тұлғалар, соған сәйкес қазақ тілін қызмет көрсететін сервистерге енгізу туралы шешімдер. Осы жағдайдан соң бизнес топтарда тілді мойындау фактісі орын алды. *Тілді қолдану* – тілдің мәртебесін (мемлекеттік, аумақтық, ресми және т.б.) мойындау. Ал IT технология, цифрлық жүйе өнімдерін пайдалану қазақ тілінің функционалдық қызмет аясының кеңеюіне септігін тигізіп отыр. Нейрожелінің қазақша сөйлеуі – цифрлық форматта қазақ тілі кодталып «өмір сүріп жатқанын» білдіреді.

Қазақ тілінің қазіргі таңда цифрлық жүйеде «өмір сүру» ерекшеліктерін қарастыру цифрлық әлемдегі қазақ тілінің функционалдық қызметтерінің әрқайсысын арнаулы зерттеуді қажет етеді. Қазақстанды цифрландыру кезінде пайда болған жаңа сөздер, жаңа қолданыстар, жаңа тілдік бірліктер, мақалада келтірілген мысалдар қазақ тілінің даму үдерісінен хабар береді. Бұл жерде ескеретін жайт, қазіргі қазақ тіліндегі көп жаңа сөздер ағылшын тілі арқылы енген. XX ғасырдың соңында қазақ тіліне енген жаңа сөздер орыс тілі арқылы ағылшын тілінен еңсе, қазіргі таңда тікелей ағылшын тілінен еніп жатқанын байқауға болады, яғни орыс тілінің «донор тіл» қызметі бәсеңдегенін көруге болады. Әсіресе жастар арасында ағылшын тілінен енген сөздерді күнделікті пайдалану тренді байқалады.

Қазақ тілінің цифрлық жүйеге енуіне, жалпы цифрлық технологиялардың Қазақстан халқы өміріне қарқынды енуіне «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бастама болды. Аталған бағдарлама мемлекеттің тілдік саясатты жүзеге асыруға тікелей қатысы болмаса да, мемлекеттік тілдің дамуына оңтайлы әсер етті. Қазақ тілінің цифрлық жүйедегі коммуникативті қызметін тереңдей зерттеу мемлекеттік тілді компьютерлендіру ісіне, оның әлемдік кеңістіктегі мәртебесі мен маңызын арттыруға үлес қосады деп санаймыз.

Мақала ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің ЖТН АР19175847 гранттық қаржыландыру жобасы аясында жарияланды.

Қысқарту:

ӘЛТС – Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі

Әдебиеттер

Baron, N. S. (1984). Computer Mediated Communication as a Force in Language Change. *Visible Language*, 18(2), 118-141.

Baron, N. S. (2010). *Always on: Language in an Online and Mobile World*. Oxford University Press, 304p. DOI: <https://doi.org/10.1093/acprof:oso/9780195313055.001.0001>

Crystal, D. (2001). *Language and the Internet*. Cambridge, UK: Cambridge University Press, 272 p.

Panyushkina, O. (2014). Change of language under the influence of social networks (On the material of the Spanish language). *Almanac of Modern Science and Education*, 3(82), 133-135

Chatfield, T. (2013). The 10 best words the internet has given English. *Gardien*. URL: <https://www.theguardian.com/books/2013/apr/17/tom-chatfield-top-10-internet-neologisms>

Әміржанова Н. (2022) Виртуалды кеңістіктегі публицистикалық стильдің кейбір ерекшеліктері // TILTANYM Учредители: Институт языкознания имени А. Байтұрсынова. – №. 4. – С. 90-95.

Ерғалиев Қ., Ерғалиева С. (2023) Интернет-коммуникация жанрларының ерекшеліктері // Вестник Евразийского гуманитарного института. – 2023. – №. 2. – С. 36-49.

Ахтаева Н. Х. (2017) Интернет лингвистикадағы тілдік норма // Филологиялық сериясы. – Т. 2710. – С. 37.

Куркимбаева А. (2021) Туристтік бोगинг: коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар (ағылшын және қазақ тілдері материалдары негізінде). PhD докторы ... дисс. – Алматы, 2021. – 214 б.

Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі (2020). Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Смагулова Ж.С., Аканова Д.Х. – Алматы: Арман-ПВ, 2020 – 400 б.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы (2017) – Астана, 2017. Сайт adilet.zan.kz – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>

Сорокина Е.Г. (2010) Конфликтология в социальной работе: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Е. Г. Сорокина. – 2-е изд., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2010. – 208 с.

Atameken Business виртуалды жүргізушілері «Жыл жобасы» атанды // Сайт <https://inbusiness.kz> — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://inbusiness.kz/kz/news/atameken-business-virtualdy-zhurgizushileri-zhyl-zhobasy-atandy>

References

Baron, N. S. (1984). Computer Mediated Communication as a Force in Language Change. *Visible Language*, 18(2), 118-141. URL: <https://s3-us-west-2.amazonaws.com/visiblelanguage/pdf/18.2/computer-mediated-communication-s-a-force-in-language-change.pdf> [in English]

Baron, N. S. (2010). *Always on: Language in an Online and Mobile World*. Oxford University Press, 304p. DOI: <https://doi.org/10.1093/acprof:oso/9780195313055.001.0001> [in English]

Crystal, D. (2001). *Language and the Internet*. Cambridge, UK: Cambridge University Press, 272 p. [in English]

Panyushkina, O. (2014). Change of language under the influence of social networks (On the material of the Spanish language). *Almanac of Modern Science and Education*, 3(82), 133-135 [in English]

Chatfield, T. (2013). The 10 best words the internet has given English. *Gardien*. URL: <https://www.theguardian.com/books/2013/apr/17/tom-chatfield-top-10-internet-neologisms> [in English]

Amirzhanova N. (2022) Virtualdy kenistiktegi publicistikalyk stil'din kejbir erekshelikteri [Some features of publicistic style in virtual space] // TILTANYM – №. 4. – С. 90-95. [in Kazakh]

Yergaliev K., Yergaliev S. (2023) Internet-kommunikacija zhanrlarynyn erekshelikteri / [Characteristics of internet-communication genres] // Bulletin of the European Humanitarian Institute. – 2023. – №. 2. – С. 36-49. [in Kazakh]

Akhtaeva N. (2017) Kh. Internet lingvistikadagy tildik norma [Language norms in internet linguistics] // Philological series. – Т. 2710. – С. 37. [in Kazakh]

Kurkimbaeva A. (2021) Turistik boging: kommunikativtik strategijalar men taktikalar (agylshyn zhane qazaq tilderi materialdary negizinde). [Tourist boging: communicative strategies and tactics (on the basis of English and Kazakh language materials) to receive the scientific degree of PhD. Dissertation], Almaty, 2021. – P. 214. [in Kazakh]

Алеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі (2020) [Dictionary of sociolinguistic terms] (2020) Suleymenova E.D., Shaimerdenova N.J., Smagulova J.S., Akanova D.Kh. – Алматы: Арман-ПВ, 2020. – 400 б. [in Kazakh]

«Cifirlyk Qazaqstan» memlekettik bagdarlamasy (2017) ["Digital Kazakhstan" state program] – Astana, 2017. Sajt adilet.zan.kz – [Jelektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>

Sorokina E.G. (2010). Konfliktologija v social'noj rabote: uceb. posobie dlja stud. vyssh. uceb. zavedenij [Conflictology in social work: textbook. aid for students higher textbook institutions] / E. G. Sorokina. – 2nd ed., erased. – M.: Publishing center «Academy», 2010. – 208 p. [in Russian]

Atameken Business Virtualy zhurgizushileri «Zhyl zhobasy» atandy [Atameken Business virtual drivers were named "Project of the Year"] // Website <https://inbusiness.kz> – [Electronic resource]. – Access mode: <https://inbusiness.kz/kz/news/atameken-business-virtualdy-zhurgizushileri-zhyl-zhobasy-atandy> [in Kazakh]